

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

августа

www.election.gov.kz

ЖАҢАРУ ҮШІН

ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ

ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

АЛАЯҚТАРДЫҢ АРБАУЫНА
ҚАЛАЙ ТҮСПЕЙМІЗ?

5-БЕТ | ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

САХНАГЕР

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕРІ КӨБЕЙГЕН ҚАЛА

Елорданы абаттандыру бойынша кешенді жұмыс жүріп жатыр. Бірқатар ірі қоғамдық кеңістіктің құрылыс барысымен танысқан Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, биыл 173 қоғамдық және аула кеңістігі абаттандырылады. Олардың қатарында мыңдаған тұрғын күн сайын демалатын саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар, аулалар, жаяу жүргіншілер аймақтары мен қоғамдық орындар бар.

ЖАҢА
ӘУЕ РЕЙСТЕРІ

Тамыз айында Астанадан Семей, Ақтөбе және Жезқазғанға жаңа әуе рейстері ашылады.

Маусымдық сұраныстың артуына байланысты VietJet Qazaqstan әуекомпаниясы жазғы кезеңде ішкі бағыттар желісін кеңейтетінін мәлім етті. Әуекомпания баспасөз қызметінің мәліметінше, 1 тамыздан бастап Астана-Семей бағыты бойынша жаңа тұрақты рейс іске қосылады. Сонымен қатар қосымша рейстер де енгізіледі: 3-8 тамыз аралығында – Астана-Ақтөбе бағыты; 1-31 тамыз аралығында – Астана-Жезқазған бағыты.

Бас қалада өтіп жатқан «Болашақ ойындары-2026» халықаралық турнирінің алғашқы бес күнінде, яғни 29 шілде мен 2 тамыз аралығында 8 мыңнан астам көрермен спорт сайысын тамашалады.

ЖАНКҮЙЕРГЕ ҰНАҒАН ЖАРЫСТАР

Астанада жас буынның ең ірі халықаралық спорт жарысының бірі – «Games of the Future-2026» жалғасуда. Оған қатысушылар фиджитал футбол, баскетбол, хоккей, жекпе-жек, бокс, би дисциплиналары, шутерлер, Battle Royale, MOBA, дрон жарысы, Battle Bots және өзге де жаңа форматтағы спорт түрлері бойынша бақ сынауда. «Болашақ ойындарының» ерекшелігі – спортшылар алдымен виртуалды

кеңістікте шеберлігін көрсетіп, кейін тартысты нақты спорт алаңында жалғастырады. Көрермендер турнирдің жеке күндеріне немесе бірнеше жарыс күніне арналған билеттерді сатып ала алады. Жарыс кестесімен танысып, өзіңізді қызықтырған дисциплиналарды таңдау және билет сатып алу Games of the Future турнирінің ресми сайтында көрсетілген. Айта кетейік, турнир 9 тамызға дейін жалғасады.

Creative
Aimaaq

Әр демалыс сайын Астанада Қазақстанның аймақтық креативті индустрияларының көрмесі ұйымдастырылады.

Creative Aimaaq жобасы аясында әр сенбі және жексенбі күндері елорда төрінде еліміздің өңірлерінен келген мәдениет, өнер, қолөнер мен шығармашылық әлеует бір алаңда тоғысады. Бұл – әр өңірдің қайталанбас болмысын танып, жаңа есімдерді ашуға, отандық шеберлердің бірегей туындыларын тамашалап, сатып алуға және Қазақстанның креативті индустриясының сан қырлы әлемінен шабыт алуға тамаша мүмкіндік.

Тамыз айының кестесі: 8-9 тамыз – Алматы облысы; 15-16 тамыз – Жетісу облысы; 29-30 тамыз – Түркістан облысы. Өтетін орны: Qazaq Creative Hub (Жошы хан көшесі, 16/2). Кіру тегін. Еске сала кетейік, Creative Aimaaq – Креативті индустрияларды дамыту қорының Қазақстан өңірлеріндегі шығармашылық жобалар мен креативті әлеуетті қолдауға, дамытуға және кеңінен танытуға бағытталған бастамасы.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 544.5 \$ USD/KZT 474.63 ₸ RUB/KZT 5.92 ¥ CNY/KZT 70.26

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



АҚОРДА



АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысы телекөпір арқылы бірқатар автокөлік жолының құрылысын бастап берді. Президент «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» және «Бейнеу – Сексеуіл» автокөлік жолдары құрылысының басталуына арналған телекөпірде сөз сөйледі. Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласы тоғыз жолдың торабында тұрған Қазақстанның өсіп-өркендеуіне серпін беретін маңызды бағыт екеніне тоқталып, еліміз үшін стратегиялық мәні айрықша ауқымды жобалардың құрылысы басталатынын мәлімдеді.

ЖОЛ – ТІРШІЛІКТІҢ КҮРЕТАМЫРЫ

«Жол – тіршіліктің күретамыры». Мемлекет осы саланы дамытуға әрдайым баса назар аударады. Біздің мақсатымыз – Қазақстанды Еуразиядағы негізгі транзит хабы ретінде дамыту. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Баршанызға белгілі, еліміз Еуропа мен Азияны жалғайтын негізгі көпір саналады. Батыспен Шығыс арасында құрлықпен тасымалданатын жүктің басым бөлігі Қазақстан арқылы өтеді. Сондықтан озық және заманауи көлік жүйесін қалыптастыру – алдымызда тұрған стратегиялық міндет. Жалпы, елімізде бұл бағытта көптеген шаруа атқарылып жатыр. Былтыр «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі іске қосылды. Соның арқасында жүк тасымалы көлемі 5 есе артты. Сондай-ақ Алматы бекетін айналып өтетін теміржол желісі жұмыс істей бастады, нәтижесінде жүк жеткізу мерзімі айтарлықтай қысқарды. Ең бастысы, осындай ауқымды жобаларды өз мамандарымыз жүзеге асырып жатыр» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, бұл жұмыстың бәрі Қазақстанның көлік-логистика саласындағы әлеуеті зор екенін көрсетеді.

«Өткен жылы еліміздегі жалпы тасымал көлемі 6 пайызға артып, шамамен 37 миллион тонна болды. Биыл «Мойынты – Қызылжар» және «Дарбаза – Мақтаарал», ал келесі жылы «Бақты – Аягөз» теміржол желісінің құрылысы аяқталады. Бұдан бөлек, біз автокөлік саласына ерекше назар аударып отырмыз. Соңғы жылдары Қазақстанда тас жолдарды түбегейлі жаңғырту жұмысы қолға алынды. Бірқатар ірі инфрақұрылымдық жоба табысты аяқталды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Қарағанды – Алматы», «Орталық – Оңтүстік», «Атырау – Астрахан», «Талдықорған – Өскемен», «Қалбатау – Майқапшағай» бағытындағы жолдар – соның айқын дәлелі. Кейінгі 5 жылда автокөлікпен жүк тасымалдау көлемі екі есе артты. Былтыр осы қызмет түрінен түсетін табыс 1,5 триллион теңгеге жетті. Өздеріңіз білесіздер, еліміз арқылы 8 халықаралық дәліз өтеді. Бұл жолмен күн сайын 35 мыңға жуық автокөлік жүреді. Өткен жылы 13 мың шақырым автокөлік жолын салу және жөндеу жұмысы жүргізілді. Соның 6 мың шақырымы халық игілігіне

берілді. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттері толық жаңартылады. Мұндай ауқымды жұмыс Тәуелсіздік тарихында алғаш рет жүзеге асырылып отыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖАҢА ДАМУ КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ

Мемлекет басшысы қазір Қазақстанның әр аймағында автожолдар жөнделіп жатқанын атап өтті. – Жақында Сарыағаш айналма жолының құрылысы мен «Жезқазған – Қарағанды» автожолын жөндеу жұмысы басталды. Сонымен қатар еліміз бойынша көптеген тұрғын үй, мектеп, аурухана, инженерлік желі салынып жатыр, басқа да әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Бір сөзбен, Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналатын болды. Бұл мемлекетіміздің өсіп-өркендеу жолына түсіп, жаңа даму кезеңіне қадам басқанын көрсетеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Бейнеу – Сексеуіл» бағытында 800 шақырымдық түбегейлі жаңа жолдың құрылысы басталғанына тоқталып, бұл бағдарды халықаралық ауқымдағы автожол деп атады.

«Осы жол ел аймақтары арасындағы байланысты нығайта отырып, Қытай мен Еуропаны жалғайтын «алтын көпір» ретінде қызмет етеді. Бұл жоба Қытай шекарасындағы өткізу бекеттерін Ақтау, Құрық порттарымен тікелей байланыстырады. Соның нәтижесінде Қытайдан Еуропаға дейін жүк тасымалдау ұзақтығы 1 мың шақырымға, ал жүк жеткізу мерзімі 3 тәулікке дейін қысқарады. Халқымыздың таным-түсінігінде құдық қазу, көпір салу сауапты іс саналады. Осы тұрғыдан алып қарасақ, біз игілігі баршаға ортақ, яғни өзіміз де, өзгелер де пайдасын көретін аса жауапты жұмысты бастап отырмыз. «Бейнеу – Сексеуіл» бағыты республикалық, аймақтық, құрлықтық деңгейдегі маңызды жол болары анық. Сондықтан бұл жолды «Арал-Каспий магистралі» деп атаған дұрыс» деді Мемлекет басшысы.

ТРАНЗИТТІК МҮМКІНДІКТЕР КЕҢЕЙЕДІ

Сонымен қатар Президент жалпы ұзақтығы 774 шақырымды құрайтын «Қызылорда – Сексеуіл»,

«Ұлғайсын – Сексеуіл» жолдарын кеңейту, түбегейлі жаңғырту жұмыстары басталғанын мәлімдеді.

«Бұл жолдардың құрылысымен отандық компаниялар айналысады. Құрылыс жұмыстарына 10 мыңнан астам жұмысшы тартылады. Жолдар толық салынып біткен соң жүк тасымалы 2,5 есе артып, жылына 13,2 миллион тоннаға жетеді. Бұл жобалар ел экономикасын өркендетуге, туризмді дамытуға тың серпін беріп, халықтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізері сөзсіз. Осындай жобалардың әрқайсысы тұтас Қазақстанның көлік жүйесімен үйлеседі. Бұған дейін негізінен солтүстіктен оңтүстікке тартылған көлік желілері, енді шығыстан батысқа қарай бағытталған жаңа тармақтармен кеңейіп жатыр. Басты мақсат – елімізді Еуропа мен Азияны жалғастыратын жетекші логистикалық желінің біріне айналдыру. Қазақстандағы автокөлік тасымалы саласы табысы жағынан теміржол көлігімен теңесті. Сондықтан жолдың құрылысын жүргізумен бірге заманауи цифрлық экожүйе құру маңызды міндет саналады. Жергілікті автоөндірісті тарта отырып, отандық тасымалдаушыларды қолдаудың ұлттық бағдарламасын қабылдау әлеуетті еселейді. Мұның бәрі Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Арал маңындағы иен даламен тартылып жатқан жолдар бұған дейін тұйық нүкте саналып келген бағытындағы Еуразияның негізгі көлік дәліздерінің тоғысына айналдырады. Бастау алып жатқан жұмысты уақытылы, яғни 2029 жылдан кешіктірмей аяқтау өте маңызды. Қажетті жағдайдың барлығы жасалып жатыр. Енді білек сыбана жұмысқа кірісу керек. Біз бір ел болып, бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырамыз. Мен бұған көміл сенемін. Баршанызға амандық, сәттілік және табыс тілеймін!» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Телекөпір барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдуллет Қылыбай жобаны бастауға әзірлік жөнінде баяндады. Бұдан бөлек, Қызылорда облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев сөз сөйлеп, Президентке өңір тұрғындарының ризашылығын жеткізді.

АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАТЫСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өтіп жатқан Жасанды интеллект бойынша ІІІ халықаралық олимпиаданың ашылу салтанатына қатысып, сөз сөйледі. Мемлекет басшысы өз сөзінде еліміз цифрлық даму тұрғысынан стратегиялық таңдау жасағанына тоқталды.

«Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының электронды үкіметті дамыту индексінде 193 мемлекеттің арасынан 24-орын алады. Жаңа технологияларды енгізуге әзірлік деңгейі бойынша еліміз Орталық Азияда көш бастап тұр. Біз бірыңғай инновациялық

«Былтыр Бейжіңде өткен Жасанды интеллект бойынша олимпиададан Қазақстан оқушылары үш алтын, бір күміс және үш қола медаль жеңіп алды. Ел мерейін асыратын бұл жетістік жастарымыздың зияткерлік және шығар-

на сәттілік тілеп, маңызды шараны ұйымдастыруға үлес қосқан барша азаматқа шынайы ризашылығын білдірді.

Салтанатты рәсімде Sinovation Ventures және 01.ai компанияларының бас директоры Ли Кай Фу, Жа-



экожүйе құрып жатырмыз. Мұнда жасанды интеллект мемлекетті, экономиканы, бизнесті басқарудың маңызды тетігі ретінде қоғам өмірінің барлық саласына дендеп енеді. Былтырғы Жолдауымда алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыру бойынша нақты міндет жүктедім. 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялау да осы стратегиялық бағдарды жүзеге асыруға бағытталған қадам. Бұдан бөлек, инновацияға иек артатын ел дамуының негізгі бағыттары 1 шілдеде күшіне енген Қазақстанның жаңа Конституциясында анық көрсетілген. Бұл – барлық үдерістің басы ғана» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз сапалы білімге, дарынды балаларды жан-жақты қолдауға баса назар аударатынын айтты.

машылық әлеуетінің зор екенін көрсетеді. Орайлы сәтті пайдалана отырып, талантты өрендерімізге бағыт-бағдар беріп жүрген ұстаздар мен тәлімгерлерге алғыс айтамын» деді Мемлекет басшысы.

Президент бұл олимпиада жасанды интеллектіні зерттеуші жастардың халықаралық қауымдастығының дамуына үлкен серпін беретініне сенім білдірді.

«Білім қай заманда да халықты біріктіріп, адамзатты өркениеттің шыңына жетеледі. Сіздердің қарым-қабілеттеріңіз медицина, білім, экология және басқа да өте маңызды салалардағы тың шешімдерге негіз бола алады. Дәл осы олимпиадада әлемді өзгертетін жаңа идеялар мен жобалар дүниеге келуі мүмкін» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев олимпиада қатысушылары-

санды интеллект бойынша халықаралық олимпиада кеңесінің төрағасы Елена Маринова, Қазақстанның спорттық бағдарламалау федерациясының президенті Бағдат Мусин, Kaspi.kz негізін қалаушылардың бірі Михаил Ломтадзе және Freedom Holding Corp. компаниясының бас атқарушы директоры Тимур Турлов сөз сөйледі.

Іс-шара барысында Мемлекет басшысы халықаралық олимпиаданың құрылымымен, байқау тапсырмаларымен және автономды роботтың мүмкіндіктерімен танысты. Астана қаласында 2-8 тамыз аралығында өтетін Жасанды интеллект бойынша халықаралық олимпиадаға 106 елден келген 500-ден астам дарынды оқушы қатысуда. Олар ЖИ үлгілерін әзірлеу және автоматты роботтарды бағдарламалау сайыстарында бақ сынайды.



ҮКІМЕТ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов ExxonMobil Upstream компаниясының президенті Дэн Амманмен кездесу өткізді.

Онда ынтымақтастықтың өзекті мәселелері және мұнай-газ саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру барысы, сондай-ақ инвестициялық өзара іс-қимылды кеңейту перспективалары талқыланды.

Олжас Бектенов ExxonMobil компаниясының Қазақстандағы мұнай-газ секторы әлеуетін нығайтуға қосқан үлесін атап

өтті. Үкімет өзара тиімді әріптестікті нығайтуға, қолданыстағы жобаларды табысты жүзеге асыруға және ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыруға мүдделі.

Дэн Амман ExxonMobil компаниясының Қазақстандағы қызметінің келешегіне қатысты жоспарларын ұсынып, компанияның еліміздің мұнай-газ саласындағы ұзақмерзімді

қатысуын сақтауға ниетті екенін растады.

Жиын барысында заманауи технологияларды енгізуге, өндіріс процесінің тиімділігін арттыруға және геологиялық барлау жұмысын дамытуға көңіл бөлінді. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруға дайын екенін жеткізді.



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕРІ КӨБЕЙГЕН ҚАЛА

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Біздің міндетіміз – қаланың әр ауданында заманауи, жайлы әрі қауіпсіз қоғамдық кеңістіктер ашу. Елордада І.Омаров көшесінен Төле би көшесіне дейінгі аралықтағы «GreenLine» желілік саябағының екінші кезеңі абаттандырылып жатыр. Мұнда серуендеу жолдары, ауқымды көгалдандыру, демалыс аймақтары, спорт инфрақұрылымы және экология шешімдері қарастырылған заманауи қоғамдық кеңістік ашылады» деді Жеңіс Қасымбек.

Қала басшысы сондай-ақ «Кіші Талдықөл» экосаябағы жобасының жүзеге асу барысын тексерді. Бұл жобаның негізгі мақсаты – аумақтың табиғи ландшафтын сақтау, жаңа рекреация кеңістіктерін құру, табиғи экожүйені қалалық ортамен үйлестіру, су деңгейін қажетті мөлшерде ұстап тұру және тұрғындардың демалуына әрі биоалуантүрлілікті сақтауға арналған тұрақты табиғи аумақ қалыптастыру.

– Жоба аясында «Мыңжылдық» аллеясында жаңа қоғамдық кеңістіктер құрылып жатыр. Жұмыс алғашқы екі учаскеден – Қ.Куанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры маңындағы гүлзардан және «Нұрлы жол» теміржол вокзалының жанындағы саябақ

пен вокзал маңы аумағынан басталды, – деді қала әкімі.

Жеңіс Қасымбек Мәңгілік ел даңғылын абаттандырудың екінші кезеңінің жүзеге асу барысын тексере келе, мұнда заманауи қоғамдық кеңістік ашу жұмысы жүріп жатқанын жеткізді. Атап айтқанда, аумағы көгалдандырылып, жаяу жүргіншілерге арналған тұстары абаттандырылып, тұрғындарға қолайлы қалалық орта жасалып жатыр.

– Бейбітшілік және келісім саябағының екінші кезеңі аясында аумақты ауқымды көгалдандыру және тұрғындардың серуендеп,

тынығуына арналған классикалық бақ салу жұмысы жүріп жатыр. Абаттандыру жұмысы да елорданың барлық ауданында жүріп жатыр. Соңғы жылдары қалада 500-ге жуық қоғамдық және аула кеңістігі абаттандырылды. Бұл жобалардың бәрі қалалық ортаны кешенді дамыту жұмысының бір бөлігі саналады. Басты мақсатымыз – Астананы тұрғындар үшін жайлырақ, заманауи әрі жасыл қалаға айналдырып, сапалы қалалық орта қалыптастыру және халықтың өмір сүру сапасын арттыру, – деп түйіндеді сөзін Жеңіс Қасымбек.



КРЕАТИВТІ КӨРМЕ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Елордада «Тұңғыштар мекені – киелі Абай елі» көрме-жәрмеңкесінде Абай облысының креативті әлеуеті таныстырылды. «Creative Aimaq» республикалық жобасы аясында ұйымдастырылған іс-шарада өңірдің қолөнері, бейнелеу өнері, өңірлік брендтері, IT және жасанды интеллект бағытындағы жобалары бір алаңға жинақталды.

Өңір әкімдігінің қолдауымен өткен жәрмеңкенің салтанатты ашылуына Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов пен Абай облысы әкімінің орынбасары Мейірлан Раханов қатысты.

Көрме-жәрмеңкеде сатылымға барлығы 842 туынды шығарылды.

Оның ішінде өңір шеберлерінің 772 қолөнер туындысы мен Семей суретшілерінің 70 картинасы бар. Ал ең қымбат туынды – Абай облысының жетекші қылқалам шеберлерінің бірі Виктор Шмидттің «Рақмет және кешір» картинасы. Бағасы 2560000 теңге болатын шығарма мәңгілік

адамгершілік құндылықтарды арқау етеді. Суретші өз туындысы арқылы алғыс айта білу, кешірім сұрау және кешіре білудің маңызын алға тартып, осы қасиеттердің адам бойындағы адамгершілік пен рухани құндылықтарды сақтаудағы рөлін көркем тілмен бейнелейді. Мұнымен қоса, киізден жасалған бұйымдар, текемет, кілем, құрақ көрпе, ұлттық және заманауи үлгідегі киімдер, балалар киімі, бас киімдер, әшекейлер, сөмкелер, ағаш пен теріден жасалған көркем бұйымдар, торсықтар, қамшылар, ұлттық музыка аспаптары, мүсіндер, картиналар мен кәдесыйлар көрме қонақтарына ұсынылды.

– Он саусағынан өнер тамған қолөнер шеберлері мен тігіншілеріміз бұл жобадан қалыс қалмады. Облысымыздағы ең үздік әрі креативті шеберлеріміз Астанаға келді. Жалпы, 800-ден астам туынды сатылымға қойылды. Көрме барысында ағаштан, былғарыдан жасалған бұйымдар, тоқыма заттары елорда тұрғындары мен қонақтарына ерекше ұнап жатыр. Осы іс-шараның мақсаты – Абай еліндегі қолөнер ше-



берлерінің әлеуетін көрсету. Сонымен қатар көрмеде жасанды интеллект бағытындағы жетістіктерімізді және мультфильм саласындағы жобаларымызды көпшілік назарына ұсындық. Оның арасында жасанды интеллект пен қазақтың ақынын айтыстыруға мүмкіндік беретін ілкі жоба бәрінің көңілінен шығып жатыр. Бұл – біз алып келген көрменің нақты жаңалықтарының бірі, үлкен еңбектің нәтижесі, – деді Абай облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Жанжигіт Омархан.

Көрме аясында Абай музейі, Абай кітапханасы және облыстық тарихи-өлкетану музейі дайындаған экспозициялар қойылды. Бұдан бөлек, жәрмеңке барысында өңірдің гастрономия өнімдері де ұсынылды. Олардың қатарында «Адал ас» ұлттық тәттілері, BaiQumyz-2025 халықаралық фестивалінің бас жүлдесін жеңіп алған Абай облысы Абай ауданы Саржал ауылының шаруа қожалығы әкелген 550 литр қымыз және Qazice компаниясы өндіретін саумалдан дайындалған балмұздақ бар.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ ЖАЙЫ ҚАРАЛДЫ

Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының қызметі, кәмететке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар және ведомствоаралық өзара әрекет мәселелері қаралды.



Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы Серік Әділбаев балалардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу және отбасындағы қолайсыздықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік органдар мен бейінді ұйымдардың өзара әрекеті туралы ақпарат берді.

Оның айтуынша, Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының негізгі міндеті – балалардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру. Құқық бұзушылықтардың алдын алу, отбасындағы қолайсыздықтың алдын алу және кәмететке толмағандарды қорғау жөніндегі кешенді жұмысты қамтамасыз ету үшін басқарма мемлекеттік органдармен және бейінді ұйымдармен ведомствоаралық өзара әрекетті жүзеге асырады.

Өмірде қиын жағдайға тап болған балаларды уақытылы анықтау және оларға көмек көрсету мақсатында балалардың қолайсыз жағдайына жедел ден қоюды қамтамасыз ететін мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өзара әрекетінің бекітілген алгоритмі қолданылады.

Баяндама барысында шешуді талап ететін проблемалық мәселелер де белгіленді. Олардың ішінде – нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, рұқсат етілмеген жерлерде шомылуға байланысты жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі ша-

раларды күшейту, сондай-ақ кәмететке толмағандардың тұрғын үйлердің тере-зелерінен құлауының алдын алу.

Депутаттар ведомствоаралық өзара әрекеттің бекітілген алгоритмін қолдану практикасына, ЮНИСЕФ-тің кәмететке толмағандар арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу жөніндегі әдістемесін қоса алғанда, халықаралық тәжірибені пайдалану мүмкіндігіне қатысты бірқатар сұрақ қойды. Олар қаланың қанатқақты мектептерінде тәуекел тобына жататын балалармен жұмыс істеудің әртүрлі әдісін сынақтан өткізуді ұсынды және ең тиімді жобаларды қаржыландыру мәселесін қарастыруға дайын екенін білдірді. Сонымен қатар өмірде қиын жағдайға тап болған отбасылармен бірге жүретін тәлімгерлер қызметінің мәселелері қаралды.

Мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың басшыларына және сараптамалық қоғамдастық өкілдеріне дөңгелек үстел шеңберінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және олардың құқығын қорғауға бағытталған шараларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау ұсынылды.

Астана мәслихатының заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Азамат Айтхожин отырысты қорытындылай келе, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелі ведомствоаралық өзара әрекетті, профилактика жұмысын жетілдіруді және барлық мүдделі тараптың күш-жігерін шоғырландыруды талап ететінін атап өтті.



МЕДИА ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР

Астанада Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) ұйымдастырған «САЙЛАУ-2026: медиа және цифрлық платформалар» атты сарапшылар алаңы өтті. Іс-шараға қатысушылар цифрлық дәуірдегі саяси коммуникацияның трансформациясын, сайлауалды үгіт-насихатта жасанды интеллектіні қолдану мәселелерін, жалған ақпаратқа қарсы іс-қимылды, сондай-ақ электоралдық мінез-құлықтың заманауи үрдістері мен саяси партияларға қатысты қоғамдық күтулерді талқылады.

Саяси коммуникацияның эволюциясына арналған бірінші сессияның модераторы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы ҚСЗИ директоры Жандос Шаймарданов жасанды интеллект пен жаңа цифрлық құралдар сайлау науқандарының ажырамас бөлігіне айналып келе жатқанын, алайда басты фактор азаматтардың ақпаратқа деген сенімі болып қала беретінін атап өтті.

«Сондықтан жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдалану және сайлаушыларды қорғау тетіктерін дамыту алдағы электоралдық циклдерде барған сайын маңызды рөл атқаратын болады», – деді ол.

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Бақтияр Мұхаметқалиев жасанды интеллектінің көмегімен жасалған контентті заңнамалық тұрғыдан реттеу және міндетті түрде таңбалау қажеттігіне тоқталды. Ол цифрлық сауаттылық мәселесіне ерекше назар аударып, азаматтардың жеке деректерін қорғауға жеке қауіпсіздік мәселесіндегідей жауапкершілікпен қарауы қажет екенін, сонымен қатар жасанды интеллект контентінің дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттің халықаралық цифрлық платформалармен және технологиялық компаниялармен өзара іс-қимылы туралы айтты.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ОКҚ Дезинформацияға қарсы күрес орталығының

басшысы Руслан Бекарсланов жалған ақпаратпен тиімді күресу үшін ресми ақпарат көздерінің жедел жұмысы, фактчекинг мәдениетін дамыту және қоғамның цифрлық сауаттылығын арттыру қажет екенін атап өтті. Айтуынша, жалған ақпаратты анықтап қана қоймай, оның қалай пайда болып, қандай арналар арқылы таралатынын түсіндіру де маңызды.

Саясаттанушы Талғат Қалиев саяси партиялардың дәстүрлі үгіт-насихаттан парламент қызметі, экономика және кәсіпкерлік мәселелері бойынша ашық саяси пікірталасқа белсенді түрде көшіп жатқанын, партиялар басшылығының ауқымды жаңаруы қоғамның жаңа тұлғалар мен жаңа идеяларға деген сұранысын көрсететінін атап өтті. «Бүгінде қоғам саяси кемелденудің табиғи кезеңінен өтіп жатыр. Осы үдерісте сайлаушылар бағдарламаларды өз бетінше бағалауды, популистік мәлімдемелерге сыни көзқараспен қарауды және қоғамдық пікір көшбасшыларының ықпалы артып отырған ақпараттық кеңістікте дұрыс бағдар табуды үйренуде», – деді ол.

Саясаттанушы Ғазиз Әбішевтің айтуынша, жасанды интеллект қазіргі саяси коммуникацияның ажырамас бөлігіне айналып, қоғамдық сұранысты талдауға, азаматтармен өзара іс-қимылды жекелендіруге және сайлау науқандарының тиімділігін арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Ал, саясаттанушы Найла

Мұхтарова биылғы үгіт-насихат науқанының бұрынғылардан едәуір ерекшеленетінін атап өтті. «Теледебаттар бағдарламаларды таныстыратын алаң ғана емес, сонымен қатар азаматтардың сенімін нығайтатын маңызды құралға айналып отыр. Өйткені олар партиялардың өз ұстанымдарын нақты дәлелдермен қорғау қабілетін бағалауға мүмкіндік береді», – деді ол.

Сарапшылар алаңының екінші сессиясында модератор болған Қазақстандық қоғамдық даму институты басқармасының төрағасы Жұлдызай Ысқақова қатысушылармен электоралдық мінез-құлықтың заманауи үрдістерін, қоғамдық сұраныстың трансформациясын және азаматтардың саяси таңдауына әсер ететін факторларды талқылады. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ бас ғылыми қызметкері Айгүл Забировва электоралдық көңіл күйге жүргізілген зерттеу нәтижелерін таныстырды. Зерттеу деректеріне сәйкес, қазақстандықтардың басым бөлігі сайлауға қатысуға дайын, ал азаматтардың үштен екісі нақты бір саяси партияға дауыс беруге ниетті. «Қоғамның негізгі сұранысы – тұрақтылықты сақтау, күнделікті мәселелерді тиімді шешу және партиялардың халықпен тікелей диалог орнатуы. Сонымен қатар сайлаушылардың таңдауы саяси бәсекеңің деңгейіне және жеті партияның өз бағдарламалары мен идеологиялық ұстанымдарын қаншалықты сенімді ұсына алатынына байланысты болады», – деді ол.

Сарапшылар алаңының қорытындысында қатысушылар қазіргі электоралдық жүйенің табысты дамуы ақпаратқа деген сенімді қамтамасыз етудің, цифрлық технологияларды жауапкершілікпен пайдаланусыз, мемлекет, саяси партиялар мен қоғам арасындағы сындарлы өзара іс-қимылды нығайтуды, сондай-ақ электоралдық мәдениетті дамыту мен азаматтық белсенділікті арттырусыз мүмкін еместігін атап өтті.



ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Биылғы ел өміріндегі саяси маңызды оқиғаның бірі – Құрылтай сайлауы. Қарапайым халық «Сайлау не үшін керек?» деген сауалды жиі қояды. Меніңше, сайлау жаңару, жаңғыру, даму үшін керек. Бұрынғы екі палаталы Парламенттің орнына енді бір палаталы Құрылтай құрылады. Құрылтай заң шығарушы билікті жүзеге асыратын жоғары өкілді орган болады. Онда мемлекеттік маңызы зор мәселелер талқыланады. 145 депутат бес жыл мерзімге пропорционалды жүйе арқылы сайланады.

Екіншіден, заң шығару жүйесінде жаңа кезең басталады. Билік институттары қарапайым халыққа жақындай түсуі тиіс. Шешім қабылдау үрдісі ашық, әділ болуы үшін қоғамдағы әртүрлі көзқарастар мен мүдделер назардан тыс қалмауы қажет. Сол себептен Құрылтайдың құрамына нағыз халықшыл, мемлекетшіл адамдар кірсе деген тілегім бар. Саясаткерлермен қатар зиялы қауым өкілдері, соның ішінде білім, ғылым, медиа, үкіметтік емес ұйымдар, өнер мен мәдениет саласының өкілдері болғанын қалар едім.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай сайлауында ашық, адал және әділ бәсеке болуы керектігін қадап айтты. Ашықтық дегенге нақты бір мысал келтірейін. Мысалы, сайлауда үміткерлердің кәсіби тәжірибесі, еліміздің өркендеуіне

қосқан үлесі, қоғамдағы белсенді ұстанымы назарға алынады. Жаңа Конституция қоғамдық диалогты дамытуға жол ашып берді. Яғни, бұдан былай Қазақстанның бүгіні мен ертеңіне қатысты түйткілді мәселелер ашық талқыланып, халықтың ұсыныс-пікірлері бірінші кезекте ескеріледі. Ашықтық қағидаты іске қосылса, бұқараның билікке деген сенімі артады.

Сайлауға қатысу – әр азаматтың конституциялық құқығы. 23 тамызда еліміздің сайлау құқығы бар әрбір азаматы саналы, ерікті түрде дауыс беріп, ел болашағын айқындауға өз үлесін қосуы керек. Әрқайсымыз дауыс беру арқылы мемлекетті басқару ісіне қатысып, қоғамдағы өзгерістерге үн қосамыз. Баршаңызды осы ізгілікті іске бір кісідей жұмылуға шақырамын!



ОНЛАЙН-СЕМИНАР ӨТКІЗДІ

ҚР Орталық сайлау комиссиясы Құрылтай депутаттарын сайлауға дайындық аясында саяси партиялардың, аккредиттелген қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардың өкілдеріне арналған онлайн-семинар өткізді.

Іс-шара ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 1 шілдедегі №26/52 қаулысымен бекітілген «Сайлау комиссияларының мүшелерін және сайлау процесінің басқа да қатысушыларын оқытуды ұйымдастыру жөніндегі жоспарды» іске асыру шеңберінде ұйымдастырылды. Іс-шара жұмысына еліміздің барлық өңірлерінен 300-ге жуық саяси партиялардың, аккредиттелген қоғамдық бір-

лестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Жиынды Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Шавхат Өтемісов ашып, қатысушыларға алдағы сайлау науқанының маңыздылығы мен сайлау процесіне қатысушылардың заң талаптарын бірізді сақтауының қажеттілігіне тоқталды.

Семинар барысында Орталық сайлау комиссиясының мүшелері Құрылтай

депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізудің ерекшеліктері, сайлау туралы заңнаманы бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік, сондай-ақ сайлауды байқаудың негізгі аспектілері жөнінде баяндама жасап, алдағы сайлау науқанын ұйымдастыру мен өткізудің құқықтық және практикалық мәселелеріне жан-жақты тоқталды. Сонымен қатар қатысушыларға сайлау про-

цесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, қолданыстағы заңнаманың талаптары және оларды тәжірибеде қолдану тәртібі

бойынша түсіндірмелер берілді. Семинар сайлау заңнамасын бірізді түсіндіру, сайлау процесіне қатысушылардың құқықтық сауаттылығын

арттыру және алдағы сайлау науқанын ұйымдастыру мәселелері бойынша бірыңғай құқықтық түсінік қалыптастыруға бағытталды.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

АСТАНАНЫҢ
БАСТАМАСЫ

Айласы сан алуан алаяқтардың арбауына түсіп, өмір бойы жиған-тергенінен, мал-мүлкінен, тіпті баспанасынан айырылып, аса ауыр зардап шегіп жатқандар да аз емес. Сондықтан бүгінде интернеттегі алаяқтықпен күресу, оның алдын алу және тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру – құқық қорғау органдарының ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндетіне айналып отыр. Осы мақсатта Астана қаласының прокуратурасы өткен жылдың соңында «Qazaq Telecom» АҚ-мен бірлесіп арнайы Anti Call орталық құрып, күдікті қоңырауларды анықтап, азаматтарды алаяқтардың арбауына түсуден қорғау жұмысын жолға қойған болатын.

Құрылғанына бір жылға да толмаған бұл жоба өзінің тиімділігін дәлелдеп үлгерді. Бүгінде Астанада сәтті жүзеге асқан бұл тәжірибе еліміздің барлық өңіріне енгізіліп, арнайы колл-орталықтар жұмысын бастады. Бұл жүйе қалай жұмыс істейді? Азаматтар қазір қандай айла-тәсілдерді жиі қолданады? Азаматтар өзін интернет алаяқтарынан қалай қорғай алады? Осы және өзге де сауалдарға жауап алу мақсатында колл-орталығына арнайы барып, қызметімен таныстық. Сондай-ақ Астана қаласы прокуратурасының Қылмыстық сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қылмыстық қудалау басқармасының прокуроры Нұрислам Балтабековпен сұхбаттасып, көкейде жүрген көп сауалға жауап алдық.

АЛАЯҚТАРДЫ
АУЛАЙДЫ

Колл-орталықтың жұмыс істеу тетігі қарапайым. «Qazaq Telecom» мамандары күмәнді телефон қоңырауларының трафигін бақылап отырады. Егер қоңырауда алаяқтық белгілері анықталса, ол арнайы орталықтағы операторларға бағытталады. Ал операторлардың міндеті – алаяқтарды әңгімеге тартып, мүмкіндігінше ұзақ сөйлестіру. Осылайша қылмыскердің уақытын алып, оның басқа азаматтарға хабарласуына мүмкіндік бермейді.

Сонымен қатар орталық қызметкерлері күдікті қоңырауларды бұғаттап қана қоймай, алаяқтардың қолданатын жаңа айла-тәсілдерін күн сайын саралап, олардың әрекет ету алгоритмін талдайды. Бұл мәліметтер кейін алдын алу жұмыстарында пайдаланылып, азаматтарға жиі кездесетін алаяқтық схемалар туралы ескерту жасауға мүмкіндік береді.

Жоба өз нәтижесін де көрсетіп үлгерген. Осы уақытқа дейін 1,5 миллионнан астам алаяқтық қоңыраудың жолы кесіліп, азаматтарға жетуіне мүмкіндік берілмеді. Бұдан бөлек, шетелден әрекет еткен 12 колл-орталықтың Қазақстан азаматтарына қоңырау шалу арналары толықтай тоқтатылды. Бұл – интернет алаяқтарына қарсы күресте колл-орталықтың тиімділігін дәлелдейтін нақты көрсеткіштердің бірі.

Прокурор нақты мысал да келтірді. Бір жолы оператор әңгіме барысында алаяқтың өзі танытын зейнеткер әйелдің жеке деректерін алып жатқанын байқайды. Ол жағдайды құқық қорғау орындарына хабарлағаннан кейін, жедел түрде киберполиция қызметкерлері іске қосылып, әйелдің дәл сол сәтте алаяқтардың ықпалымен банк арқылы несие рәсімдеп жатқанын анықтайды.



АЛАЯҚТАРДЫҢ АРБАУЫНА ҚАЛАЙ ТҮСПЕЙМІЗ?

Заман дамыған сайын алаяқтықтың айла-тәсілі де күрделене түсті. Бұрын қылмыскерлер қарапайым алдау тәсілдерін қолданса, қазір жасанды интеллектінің көмегімен адамның дауысын айнытпай салып, жалған бейнероликтер жасап, жалған инвестициялық платформалар арқылы миллиондаған теңгені алдап алуға дейін жетті. Яғни қылмыскерлер цифрлық технологияның мүмкіндігін өз пайдасына жаратып отырғандықтан, интернет алаяқтығы бүгінде қоғам үшін ең басты қауіптердің біріне айналды.



Уақытылы араласудың арқасында зейнеткер алаяқтардың құрығынан аман құтылды.

КЕҢ ТАРАҒАН
ТӘСІЛДЕРІ

Сол орталық қызметкерлерінің және прокурордың айтуынша, бүгінде бірнеше алаяқтық схема ерекше белең алған.

Біріншісі – туысының атынан хабарласу. Алаяқтар жасанды интеллект көмегімен адамның дауысын өзгертіп, «апатқа түстім», «шұғыл ақша керек», «алыс жолға шыққан балаңыз жол апатына түсті» деген желеумен ақша сұрайды. Мұндай жағдайда көбіне егде жастағы адамдар алданып қалады.

Бұл тәсілдің де өзіндік сценарийі бар. Алаяқтар алдымен әлеуметтік желілер немесе басқа ақпарат көздері арқылы отбасы мүшелерінің сыртта жүргенін немесе сапарда екенін анықтап алғаннан кейін ата-анасына не

қай бағытқа бара жатқаны, билеттегі мәліметтері сияқты ақпараттарды біліп алуға тырысады. Кейін бұл мәліметтерді өз сыбайластарына жеткізеді. Ал екінші топ дереу жолаушының ата-анасына немесе жақын туыстарына хабарласып, «мінген көлігі жол апатына ұшырады», «балаңыз ауыр халде ауруханаға жеткізілді» деп сендіреді. Аты-жөнін, мінген көлігінің нөміріне дейін айтып тұрған соң, қарсы тарап оның айтқанына бірден сеніп, ақша аударады. Сондықтан мамандар әлеуметтік желіде «сапарға шықтым» деп билетіңіздің, отырғызу талоңыңыздың немесе көлік нөмірінің суретін жариялауға сақ болуға шақырады. Мұндай ақпарат алаяқтардың қолына түссе, олар оны өз мақсаттарына пайдаланып, сіздің немесе жақындарыңыздың сеніміне кіру құралына айналдыруы әбден мүмкін. Ең бастысы – мұндай қоңырау түскен жағдайда сабыр сақтап, ақша аударуға асықпай, алдымен жақыныңызбен тікелей байланысып, ақпараттың шынайылығын тексеріп алған жөн.

Екінші кең тараған тәсіл – SMS арқылы келген кодты алдап алу. Қылмыскерлер өздерін Kaspi.kz, Yandex, «Қазпошта», Temu немесе басқа жеткізу қызметінің қызметкері ретінде таныстырады. Кейде емханадан хабарласып тұрғанын айтып, профилактикалық тексеруге жазу үшін SMS-кодты сұрайды.

Азамат кодты айтқаннан кейін іске екінші топ кіріседі. Олар өздерін полиция, Ұлттық қауіпсіздік комитеті немесе Ұлттық банк қызметкері ретінде таныстырып, «сіздің атыңызға несие рәсімделіп жатыр, ақшаңызды сақтау үшін біздің айтқанымызды орындаңыз» деп психологиялық қысым көрсетеді. Осындай айлаға түскен адамдар кейде бірнеше ай бойы

сендіруге тырысады. Алайда бұл – алаяқтардың айласы. Өйткені қазіргі таңда көптеген жеткізу қызметтерінде растау коды тауар қоймадан шығарылар алдында емес, курьер тапсырысты жеткізіп, сатып алушы оны қабылдағаннан кейін ғана сұралады. Яғни алдын ала код сұраған кез келген адамға күмәнмен қараған жөн.

ТЕРЛЕМЕЙ ТАБАР
ТИЫН ЖОҚ

Интернет алаяқтағы сала-сында «Табысты инвестиция» – ең қауіпті тұзақтардың бірі. Соңғы кезде инвестицияға қатысты алаяқтық фактілері күрт көбейген. Әлеуметтік желілерде немесе бейнеплатформаларда «оңай табыс табу», «ірі компания акциясына инвестиция салу» жөніндегі жарнамалар жиі кездеседі. Азаматтар байланыс деректерін қалдырғаннан кейін өздерін қаржы кеңесшісі немесе брокер ретінде таныстырған адамдар хабарласып, инвестиция жасауға үгіттейді.

Сондай-ақ олар арнайы жалған сайттарды пайдаланады. Мысалы, салған қаражаттың қысқа уақыт ішінде бірнеше миллион теңгеге көбейгенін көрсетеді. Ал қаражатты шешіп алмақ болған кезде «салық төлеу керек», «комиссия аудару қажет» деген түрлі себеппен қосымша ақша талап етеді. Ақша аударылған соң алаяқтар ізім-ғайым жоғалады.

Соңғы кездері бұл алаяқтық тәсілі жаңа деңгейге көтерілді. Қылмыскерлер енді жасанды интеллектінің көмегімен танымал тұлғалардың дауысын айнытпай салып, бейнесін сөйлетіп, жалған жарнамалар әзірлей бастады. Әлеуметтік желілер мен бейнеплатформаларда белгілі әншілердің, спортшылардың, қоғам қайраткерлерінің немесе кәсіпкерлердің атынан «тиімді инвестиция», «қысқа уақытта мол табыс табу» секілді ұсыныстар жиі кездеседі. Шын мәнінде, мұндай бейнероликтердің аталған адамдарға ешқандай қатысы жоқ. Мұндай технологияның қауіптілігі – бейне мен дауыс шынайы көрінетіндіктен, көпшілік оның жалған екенін бірден аңғара бермейді. Танымал тұлғаға сенген азаматтар жарнамадағы сілтемеге өтіп, жеке деректерін қалдырады немесе алғашқы инвестиция ретінде ақша аударады. Осылайша олар алаяқтардың арбауына түсіп, қомақты қаржысынан айырылып жатады. Сондықтан мамандар әлеуметтік желіде немесе интернетте танымал адамдардың атынан ұсынылатын кез келген инвестициялық жобаға сақтықпен қарап, ақпараттың ресми дереккөзден жарияланғанына көз жеткізбейінше, ақша аудармауға және жеке мәліметтерді енгізбеуге кеңес береді.

Құқық қорғау органдары жаңа қауіптің де пайда болғанын айтып отыр. Бұл – бұрын алаяқтарға алданып қалған адамдарды қайта алдайтын топтар. Олар өздерін қаржы мониторингі қызметкері немесе халықаралық компания өкілі ретінде таныстырып, «жоғалтқан ақшаңызды қайтарып береміз» деп сендіреді. Кейін келісімшарт жасау, банктік қызмет немесе заңгерлік көмек үшін ақша сұрап, азаматты екінші мәрте шығынға ұшыратады.

P.S: Мамандардың айтуынша, интернет алаяқтарына қарсы ең тиімді қару – азаматтардың ақпараттық сауаттылығы. Цифрлық технология дамыған сайын алаяқтардың тәсілі де күрделеніп келеді. Сондықтан әр азамат сақтық танытып, күмәнді ұсыныстарға сын көзбен қараса ғана мұндай қылмыстардың құрбаны болмайды. Саналы азамат, сақ қоғам және жоғары ақпараттық мәдениет қана интернет алаяқтарының жолын кесіп, қауіпсіз цифрлық ортаны қалыптастыра алады.

Бас қалада театрлар саны бүгінде 10-нан асады. Өнер саласында 40 жылға жуық уақыт еңбектеніп келе жатқан Мәдениет саласының үздігі Қарлығаш Матақова соның үшеуінің негізін қалады. Бұл – Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры, «Жастар» театры және Қуыршақ театры. Негізі, Қарлығаш Ардаққызының өмірі ес білгеннен театрмен тікелей байланыста өрбүде. Себебі ата-анасы – тағдырын өнерге арнаған жандар. Бәрін рет-ретімен баяндайық.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

АТА-АНА ҮЛГІСІ

1972 жылы Торғай топырағында көрнекті мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің бастамасымен музыкалық драма театры ашылғаны белгілі. Сол кезде ерлі-зайыпты



САХНАГЕР

Ардақ пен Зұлқия Матақовтар техникалық мамандар ретінде осы өнер ошағына арнайы шақырылды. Ардақ Ибадоллаұлы сахнаның бас машинисі болып еңбек етті, зайыбы реkvизиттер мен костюмдерге жауапты болды. Жұбайы қайтыс болғаннан кейін, Зұлқия Матақова бас машинист қызметін атқарды.

Осыдан 45 жыл бұрын бұл өнер ұжымына қазақтың кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі Серке Қожамқұловтың есімі берілді. Торғай облысы таратылғаннан кейін, театр Жезқазған қаласына көшірілді. Ерлі-зайыпты Матақовтар осында жұмысын жалғастырды. Қызметтері жеміссіз емес еді. Осы театр ашылғанда актер, кейіннен бас режиссер болған сахна суреткері Жанат Хаджиевтің ұсынысымен Зұлқия Матақова Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағын иеленді. Шындығында, Ардақ және Зұлқия Матақовтар Серке театрының негізін қалады.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, театрдағы өмірді, сахна сыртындағы еңбекті кішкентайынан көріп өскен Қарлығаш ата-ананың жолын жалғады, жұбайын осы өнерден жолықтырды, барлық өмірі де өнер болып кетті.

ӘННЕН ТУҒАН ЕСІМ

Қарлығаш Ардаққызының есімінің өзі өнер атты әсем әлемге жетелейді. Әйгілі композитор, майталман музыка теоретигі, академик Ахмет Жұбановтың «Қарлығаш» атты өнін барша жұрт біледі. Осы туынды мәтінінің авторы – ақын, драматург Ибадолла (Ибади) Матақов. Осыдан тура 85 жыл бұрын жазылған бұл ән Ахмет Жұбанов жетекшілік еткен мемлекеттік хор капелласында әнші болған Жәмила Ахметоваға арналған. Шын ғашықтықтан туған өлеңді кәсіби композитор көркем өнге айналдырды. Бұл туынды Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсына да енгізілді. Ал

Ибадолла Матақов пен Жәмила Ахметова шаңырақ көтерді. Ардақ атты ұлдары дүниеге келді. Қарлығаш Матақова – осы Ардақтың қызы, яғни Ибадолла мен Жәмиланың немересі. Есімі де оған осы әннің құрметіне қойылды.

Шындығында, әнде айтылғандай, «Құралай көз, қолаң шаш, Алма мойын қиғаш қас... Ақ тамақ, қиылған қас, жазық маңдай, Әдемі ақша беті, жауған қардай, Жайдары еркелеген жарқын мінез, Жарқ етсе, жадыратар жаққан шамдай» болып әжесіне тартып, театрда өскен Қарлығаштың балалық арманы актриса болу еді. Балдырған шағында, кейін бойжеткенде бірнеше бейнені сомдады да. Атап айтқанда, сіндісі екеуі көне грек аңыздары Медеяның перзенттері болып ойнады. Белгілі актер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Сағызбай Қараалин жетекшілік еткен балалар театр үйімесіне қатысып, «Буратино», «Бақытты ханзада» ертегілерінде, «Әпке», «Әке тағдыры» спектакльдерінде кейіпкерлерді кескіндеді. Театр әртістерімен гастрольдік сапарларға да шықты. Бірақ тағдыр өнер әлемінде болса да, басқа арнаға бұрып жіберді. Серке театрына сахнаға жарық беруші керек болып, осы қызметке қабылданды. Сол жылдары аталмыш мәдениет ошағына Жанат Хаджиевтің шақыруымен облыстық филармониядан әнші Нұрай Танабаев ауысып келді. Жастардың арасында сезім туып, отау құрылды. Целиноград қаласында қазақ театры ашылғанда, осы өнер ордасының негізін қалаушы режиссер Жақып Омаров жан-жақтан әртістерді шақырды. Жезқазғаннан аттай қалап алдырған актерлердің бірі Нұрай Ерлісұлы еді. Осылайша қолындағы үш айлық Құралай атты қыздарымен жас отбасы бүгінгі елордаға қоныс аударды. Ерлі-зайыптылар бірі сахнадағы, екіншісі сахна сыртындағы еңбекке кірісіп кетті. Екеуі де қазіргі Қ.Қуанышбаев атындағы Қа-

зақ ұлттық музыкалық драма театрының негізін қалады.

АРМАНЫН
АҚМАРАЛ ЖАЛҒАДЫ

Бастапқыда қонақүйде тұрды. Содан бір жыл, үш айдан кейін жас отбасыға пәтер берілді. Баспанаға ие болғаннан кейін, көпке ұзамай Ақмарал атты екінші қыздары дүниеге келді. Қарлығаш Матақова актриса болу арманын іске асыра алмаса да, Қаллеки театрындағы Шыңғыс Айтматовтың «Ана-Жер-ана», Шараф Башбековтің «Темір қатын» спектакльдерінде, «Алдар көсе», басқа да ертегілерде

**ШЫН ҒАШЫҚТЫҚТАН ТУҒАН ӨЛЕҢДІ
КӘСІБИ КОМПОЗИТОР КӨРКЕМ ӘНГЕ
АЙНАЛДЫРДЫ. БҰЛ ТУЫНДЫ АХМЕТ
ЖҰБАНОВ ПЕН ЛАТИФ ХАМИДИДІҢ
«АБАЙ» ОПЕРАСЫНА ДА ЕНГІЗІЛДІ. АЛ
ИБАДОЛЛА МАТАҚОВ ПЕН ЖӘМИЛА
АХМЕТОВА ШАҢЫРАҚ КӨТЕРДІ. АРДАҚ
АТТЫ ҰЛДАРЫ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ. ҚАР-
ЛЫҒАШ МАТАҚОВА – ОСЫ АРДАҚТЫҢ
ҚЫЗЫ, ЯҒНИ ИБАДОЛЛА МЕН ЖӘ-
МИЛАНЫҢ НЕМЕРЕСІ. ЕСІМІ ДЕ ОҒАН
ОСЫ ӘННІҢ ҚҰРМЕТІНЕ ҚОЙЫЛДЫ**

кішігірім бейнелерді сомдады. Даладағы театрландырылған қойнымдарды сахналауда да шебер болған Жақып Омаров Қарлығаш Ардаққызын сондай қойылымдарға да салды. Осындай жағдай Ақтөбеде Есет батырдың 190 жылдығы атап өтілгенде болды. Кейіпкеріміз Шалқар даласындағы қойылымға қатысты.

Ал актриса мамандығы қызы Ақмаралға нәсіп болып келе жатыр. Иә, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Лейло Бекназардың шеберханасын аяқтаған ол – қазір Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының жетекші актрисаларының бірі. Қазақстанның халық әртісі Талғат Теменов сахналаған «Тыраулап ұшқан тырналар» лирикалық драмасында неміс қызы Инганың рөлін ойнап,

Мәскеудегі «Золотой витязь» халықаралық театр фестивалінде «Алтын дипломды» иеленді. Бес жыл бұрын «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанды. Кинодан да көрінді. Бүгіндері Ақмарал Танабаеваны театр және кино актрисасы ретінде ел біледі деп ойлаймыз. Қарлығаш Ардаққызының кенже қызы Дәрия да өнерден алыс емес, музыка маманы.

БАС ҚАЛА
ТЕАТРЛАРЫНДА

Елордада «Жастар» театры ашылар алдында осы театрға директор болып тағайындалған танымал актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғани Құлжанов ұжымды жасақтауға кірісті. Сол уақытта сахнаға жарық беруші ретінде Қарлығаш Ардаққызын да шақырды. Қаллеки театрында жағдайы жақсы болса да, Ғани Әбдуәлиұлының өтінішін жерде қалдырмай, «Жастарға» ауысты. Қуыршақ театры жеке отау құрғанда соған келді. Осы театрдың негізін қалаған Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Құралай Ешмуратованың шеберханасынан актрисалық мамандықты да алып шықты. Қуыршақ театрындағы ертегілерде ойнады. Актерлік шеберліктен сабақ та берді. Осыдан бес жылдан астам уақыт бұрын Қаллеки театрының сол кездегі көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қуандық Қыстықбаев аталмыш өнер ошағына келуді ұсынды. Осылайша Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрына қайтып оралды. Қазір осында дыбыс режиссері болып еңбек етіп келе жатыр.

Сахнаға жарық беру, спектакльдің дыбысын қою, кейбіреулер ойлайтындай, оңай жұмыс емес. Қойылым жүріп жатқанда мұндай мамандар әр детальді қадағалап, сергек отыруы керек. Әртістердің ойынына, көңіл күйіне қарай қимылдау қажет. Әртістің мүлт кеткен жерін тәжірибелі сахна сыртындағы маман көрер-

менге байқатпай жібереді. Қарлығаш Ардаққызының бұл жағынан тәжірибесі мол. Осы іске сахнада актриса болып көрінгені септеседі. Қаллеки театрының репертуарындағы жаңа қойылымдардың көбісінің дыбыс режиссері – өзі.

Биыл – Қаллеки театрының мерейтойы. Алдағы күзде өнер ошағының құрылғанына 35 жыл толады. Әрине, мерейтойға орай ұжым мүшелеріне түрлі марапат тапсырылады. Соның ішінде әртістер мен режиссерлер ғана емес, еңбегін көпшілік көрмейтін сахна сыртындағы мамандар да еленсе екен дейсің. Соның бірі де, бірегейі де Қарлығаш Матақова деп есептейміз. Талай жыл театр өнерінің өрлеуіне атсалысып келе жатқан жан соған әбден лайық.

СУРЕТСӨЗ

ПОЛТОРА ҚАЗАҚ (АҢЫЗ-АДАМ)

Сейдеш. Сейдахмет. Сейітмұхамет. Бұрынғы Мұхаметшин. Кейінгі Мұхаметше. Отыз жылға жуық «Егемен Қазақстан» газетінің Талдықорған облысындағы меншікті тілшісі болды. Қызметін алпысыншы жылдардың аяғында «Социалистік Қазақстаннан» бастады. Табан аудармай жұмыс істеп, тоқсаныншы жылдардың аяғына таман «Егемен Қазақстаннан» демалысқа шықты.

Ақпарат айдынында түрлі-түрлі журналистер бар. Олар тек шығармашылық шеберлігімен, жазу стилімен ғана емес, болмыс-бітімімен де, кескін-кейіпмен де ерекшеленеді. Әрқайсысы әралуан мінездің адамдары. Бірі – төменгі кластың тәртіпті оқушысы сияқты тым ұқыпты. Екіншісі – қатты қысқан жұдырықтай шымыр да ширақ. Үшіншісі – жағасы жайлауда жүретін кеңпейіл әрі кеңқолтық. Төртіншісі – сәл нәрсеге тырыса қалатын қырт және қытымыр. Бесіншісі – түйені шөгермей мінетін қырсық һәм көткеншек.

тіре қоймаған адамға ол қиял-ғажайып ертегісінен сытылып шыға келіп, Алатаудың етегіне қарай аяңдап кеткен кейіпкер секілді әсер қалдырады. Шынында да оны ел-жұрттың «полтора қазақ» дейтініндей бар.

Қазақ халқы, жалпы, алыптарын қадірлеген. Аңызға айналған Сейдеш аға да сол құрметті молынан көрген. Кең кабинеті, келісті көлігі болған. Кез-келген басшыға сөзі жүрген. Облыс әкімдері оны құдайдай сыйлаған. Тіпті ел басшысының өзі сол өңірге сапарға барғанда «О, полтора қазақ!» деп жылыұшырай амандасқан



Қазақ журналистикасы сарбаздарының сыртқы сипаты да сан қилы. Бірі – тұлғасы да, сымбаты да көз тартатындай сұңғақ. Екіншісі – бой жағынан бағы жана қоймаған бәкене. Үшіншісі – жауырыны қақпақтай, ұзындығы мен көлденеңі бірдей жалпақ. Төртіншісі – өзі сырықтай, қолы құрықтай, құлағынан қолы қурықтай, күн-күн демей атойлап жорықта жүреді.

Солардың ішінде жетісулық әріптесіміз Сейдахмет Мұхаметшиннің жөні бөлекті. Бойының өлшемі қанша болғаны жөнінде мәліметіміз жоқ. Бірақ алпамсадай болып алыстан көрінетін. Алматының көшесінде төбесі көк тіреп, өзгенің екі-үш қадамын бір-ақ аттап, алшаң басып келе жатады. Бұрын кездес-

деседі. Ал бірде тілі түрпідей Тәжібай Битай ағамыз: «Осы бар ғой, Сейдахметтің бетіне қарасам, мойным ауырып, басым айналады», – деп шымшып алыпты.

Мына суретте Сәкен орта бойлы ақсақалдың қасында тұр. Шүкір Шахай биіктік пен бәкенеліктің, ұзындық пен қысқалықтың ара қатынасынан контраст іздеген болуы керек. Өйткені қайшылық философиясы – оның сүйікті тақырыбы. Сейдеш аға осы тұрысына ыңғайсызданды ма екен, жанындағы қарияға қарай ұмсынып, мойнын төмен салып, сәл құныса түскен.

Осыған орай суретті алғаш рет ұсынғанымызда «Ел қойған атым – «бір жарым қазақ», Еңкейіп міне, тұрғаным ғажап...» деп тақырып қойғанбыз...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ
(Суретті түсірген –
Шүкір ШАХАЙ)

ӘРБІР ТҰРҒЫННЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Денсаулық – адамның ең қымбат байлығы. Ал сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек – сол байлықты сақтаудың басты кепілі. Астана қаласындағы №11 қалалық емхана тұрғындарға Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі аясында кешенді медициналық қызмет көрсетіп келеді.



Емхана Астана қаласы, Абылай хан даңғылы, 30 мекенжайында орналасқан және тіркелген халыққа алғашқы медициналық-санитариялық көмекті ұчаскелік қағидат бойынша ұсынады. Мұнда тұрғындардың денсаулығын сақтау, аурулардың алдын алу, ерте анықтау, тиімді ем жүргізу және созылмалы сырқаттары бар науқастарды тұрақты бақылау басты міндеттердің бірі саналады.

Аурудың алдын алу – денсаулық кепілі
Қазіргі медицина тек ауруды емдеумен ғана шектелмейді. Оның ең маңызды бағыты – профилактика. Сондықтан емханада салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды әдеттердің алдын алу, дұрыс тамақтану, дене белсенділігі, вакцинация және созылмалы аурулардың профилактикасы бойынша тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Мамандардың айтуынша, көптеген аурулардың алдын алу уақытылы тексерілу, скринингтен өту және дәрігер кеңесін орындау арқылы алуға болады.

Пациент құқығы бәрінен маңызды
№11 қалалық емханасында Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметі жұмыс істейді. Бұл қызмет ем көрсетудің сапасын бақылап қана қоймай, пациенттердің құқықтарының сақталуына ерекше көңіл бөледі. Егер тұрғын медициналық қызметке қатысты сұрақ туындаса, ұсыныс айтқысы келсе немесе түсініспеушілік орын алса, осы қызметке жүгіне алады. Қызмет мамандары азаматтар-

дың өтініштері мен ұсыныстарын қарайды, медициналық көмектің сапасына ішкі сараптама жүргізеді, пациент пен медицина қызметкерлері арасындағы даулы мәселелерді шешуге ықпал етеді, медициналық стандарттардың сақталуын бақылайды, көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігіне талдау жүргізеді, тұрғындарға ТМККК және МӘМС жүйелері бойынша кеңес береді. Мұндай жұмыс емхана мен пациент арасындағы өзара сенімді арттырып, көрсетілетін қызмет сапасын үнемі жақсартуға мүмкіндік береді.

ТККК аясында қандай қызметтер тегін көрсетіледі?
ҚР әрбір азаматы ТМККК аясында бірқатар маңызды медициналық қызметтерді пайдалана алады. Олардың қатарында: алғашқы медициналық-санитариялық көмек; шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек; әлеуметтік маңызы бар ауруларды диагностикалау және емдеу; айналадағыларға қауіп төндіретін ауруларды анықтау және емдеу; Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес профилактикалық вакцинация; жедел медициналық жәрдем; паллиативтік медициналық көмек; ТМККК тізбесіне енгізілген созылмалы ауруларды бақылау және емдеу бар.

МӘМС жүйесі қандай мүмкіндік береді?
Егер азамат МӘМС жүйесінде сақтандырылған болса, ол медициналық көмектің кеңейтілген пакетін пайдалана алады. Оған: жалпы практика дәрігері мен бейінді мамандардың консуль-

тациясы; зертханалық талдаулар; ультрадыбыстық зерттеу; функционалдық диагностика; рентгенологиялық зерттеулер; медициналық көрсетілім болған жағдайда компьютерлік және магниттік-резонанстық томография; күндізгі стационарда ем қабылдау; мамандандырылған медициналық көмек; медициналық оңалту; диспансерлік бақылау; профилактикалық тексерулер мен скринингтер; жоспарлы ауруханаға жатқызуға жолдама рәсімдеу кіреді.

Емханаға тіркелудің артықшылықтары
Емханаға тіркелген әрбір тұрғын тұрақты медициналық қолдауға ие болады. Бұл – жеке учаскелік дәрігердің тұрақты бақылауы; денсаулық жағдайын кешенді бақылау; профилактикалық тексерулерден уақытылы өту; қажет болған жағдайда бейінді мамандарға жолдама алу; медициналық көрсетілім бойынша диагностикалық зерттеулерден өту; медициналық құжаттарды рәсімдеу; аурулардың алдын алу және салауатты өмір салты бойынша кеңес алу мүмкіндігін береді.

Сапалы медицина – үздіксіз даму нәтижесі
№11 қалалық емхана медициналық көмектің сапасын арттыру бағытында тұрақты жұмыс жүргізіп келеді. Заманауи диагностика мен емдеу тәсілдері енгізіліп, медицина қызметкерлерінің біліктілігі жүйелі түрде жетілдірілуде. Сонымен қатар ішкі сапа бақылау жүйесі күшейтіліп, көрсетілетін қызметтердің тиімділігі тұрақты бағаланады. Емхананың басты мақсаты – әрбір пациентке қауіпсіз, қолжетімді, уақтылы және сапалы медициналық көмек көрсету. Денсаулықты күту – ауру пайда болғанда ғана емес, күнделікті өмірде басталатын жауапкершілік. Ал уақытылы тексеріліп, профилактикалық шараларға белсенді қатысу – ұзақ әрі сапалы өмірдің негізі.

Қайрат МҰРАТҰЛЫ, №11 қалалық емхананың сарапшы дәрігері



ҮЗДІК СТАНЦИЯ – АСТАНА-1

Теміржолшылардың төл мерекесі қарсаңында Астана-1 станциясы ел теміржолы бойынша «Үздік станция» атанды. 95 жылдық тарихы бар мекеменің осыншама уақыт ішінде ел экономикасын дамытуға қосқан үлесі орасан зор.

Райхан РАХМЕТОВА

Мұнда содан бері темірдей тәртіп пен білікті мамандардың табанды еңбегі мен талапшылдығының арқасында қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келе жатқан теміржолшылардың мықты мектебі қалыптасты. Биыл да станция жыл басынан бергі 6 айда бекітілген технологиялық жұмыс талаптарына сәйкес өндірістік қызметін жүзеге асырып, пойыздарды қабылдау, жөнелту, құрастыру және өңдеу бойынша пайдалану көрсеткіштерін жоғары деңгейде орындады.

Астана станциясы – Ақмола ЖТ бөлімшесінің транзиттік вагон ағынының негізгі артерияларының бірі, әрі елордалық деген аты тағы бар. 2025 жылдың қорытындысы бойынша станцияда тәулігіне орташа вагон айналымы 11000-нан астам вагонды құрады, бұл алдыңғы жылғы көрсеткіштен 8,5% жоғары. Вагондарды дөңестен тарату өткен жылға қарағанда 5% ұлғайды. Вагонға статикалық жүктеме 6,7% артты, пойыздарды қабылдау және жөнелту тапсырмадан 19% жоғары орындалды. Қол жеткізілген нәтижелер тасымалдау процесінің жоғары ұйымдастырылғанын, техникалық құралдар мен еңбек ресурстарының тиімді пайдаланылғанын және станцияның барлық құрылымдық бөлімшелерінің үйлесімді жұмысының нәтижелі болғанын көрсетеді.

– Ұжымның еңбегінің арқасында сигнал берушіден бастап инженерлік құрамның қызметкерлеріне дейін табанды кезекімен атсалысып, бүгінгі нәтижеге қол жеткізілді. Ұжымның ұйымшыл жұмысының, тасымалдау процесін тиімді ұйымдастырудың және барлық қызметтердің өзара үйлесімді іс-қимылының арқасында негізгі жоспарлы көрсеткіштердің басым бөлігі жоспардан жоғары деңгейде орындалды. Алда әлі көптеген мақсаттар мен міндеттер бар, кейбір міндеттерге қол жеткізілді, кейбіреулері іске асыру процесінде. Эксплуатациялық штат қызметкерлерінің жұмыс орындарын жақсарту бойынша біраз жұмыстар жүргізілуде. Сондықтан үйлесімді және жедел жұмыс арқылы ғана жақсы нәтижеге қол жеткізіледі, біз өз жұмыс орындарымызда саланың дамуына белгілі бір үлес қосып жатқанымызды мақтан тұтамыз. Осы мүмкіндікті пайдалана

отырып, компания басшылығына қызмет нәтижелерін жоғары бағалағаны үшін алғыс айтқым келеді. Барлық теміржолшыларды кәсіби мерекемізбен құттықтаймын, – дейді станция бастығы Надырхан Қайсаров.

Станцияда жоспар бойынша тәулігіне орта есеппен 10 583 вагон қарастырылған болса, нақты вагон айналымы 11 381 вагонды құрап, жоспар 107,5% орындалды. Бұл нәтижеге тасымал көлемінің артуы, вагон айналымының жеделдеуі, вагондарды өңдеу уақытының қысқаруы және пойыздық әрі маневрлік жұмысты ұйымдастыру технологиясының жетілдірілуі есебінен қол жеткізілді. Есепті кезеңде жоспар бойынша тәулігіне орта есеппен 5,0 вагон тиеу көзделген. Нақты көрсеткіш 6,6 вагонды құрап, жоспар 132,0% орындалды. Көрсеткіштің өсуіне жүк жөнелтушілердің өтінімдерінің көбеюі, қосымша жүк көлемдерінің тартылуы және жүк ағындарын тиімді қайта бөлу ықпал етті.

1931 жыл Омбы теміржолының Ақмола станциясы құрылды. Станция 1940 жылы Қарағанды теміржолы құрамына кірді, 1962 жылы станция болып қайта аталды. 2016 жылға дейін дербес станцияның филиалы мәртебесіне ие болды, сол жылы 1 шілдеден бастап Ақмола жол бөлімшесіне қарайды. Бүгінгі таңда станцияда 350 адам еңбек етеді. Олардың қатарында сигнал беруші, вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеуші, пойыздарды құрастырушы, сұрыптау слайдының операторлары, СТО операторлары, парк бойынша кезекшілер, станция бойынша кезекшілер, маневрлік және станциялық диспетчерлер бар.

Ғасырға жуық тарихында станция жұмыстың жоғары көрсеткіштері бойынша көптеген құрметті марапаттарға ие болды. Посткеңестік кезеңде станция көптеген автоматтандырылған жүйелерді, қызмет өнімділігін арттыруға арналған жабдықтарды пилоттық енгізу алаңы болды. Ұжым 70,80,90 жылдық мерейтойларына орай мақтау қағаздарымен және алғыс хаттармен марапатталды. Станция мен кәсіподақ комитеті компанияның да, қаланың да қоғамдық өміріне белсенді қатысады. Олардың ішінде жалпықалалық және салалық іс-шаралардағы еріктілер жұмысы, зейнеткерлерге қамқорлық жасау, ағаш отырғызу және басқа да жұмыстар бар.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ				Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы «3» 05 № 510-1750 қаулысына қосымша			
Астана қаласы		27.07.2026		№510-2585		Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер иелерінің тізбесі	

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	
Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі	1. Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін. 2. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін. 3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.К. Өтебаевқа жүктелсін.
Әкім	Ж. Қасымбек
Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы «27» 07 № 510-2585 қаулысына қосымша	
Өзгерістер енгізілетін Астана қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі	
1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 3 мамырдағы № 510-1570 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін: жоғарыда көрсетілген қаулының 1-тармағындағы «2024 жылғы 22 шілдеден бастап 2025 жылғы 22 шілдеге дейін» деген сандар мен	сөздер «2026 жылғы 1 қарашадан бастап 2027 жылғы 1 қарашадаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын. жоғарыда көрсетілген қаулының 1-тармағындағы «Есіл» деген сөз «Нұра» деген сөзбен ауыстырылсын; жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымша келесі жаңа редакцияда жазылсын:

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	21-335-141-237	«BI Development Astana» ЖШС	12934	12934	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Е518 көшесі, №14 учаске	Тауарлық ауыл шаруашылығын жүргізу	Жеке меншік
2	21-320-141-479	«ZOOM-ASTANA-2030» ЖШС	889200	1	Астана қаласы, «Нұра» ауданы,Е706 көшесі, №2Б учаске	Тауарлық ауыл шаруашылығын жүргізу	Жеке меншік
3	21-320-141-529	«Астана қаласының Құрылыс басқармасы» ММ	22319	22319	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Е518 көшесі, №11 учаске	Ауылшаруашылығы өндірісі	Жеке меншік

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 15 маусымдағы № 510-2065 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:
жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:
реттік нөмірі 7-жол «Носова Раиса Филиппова» деген сөздер «Рулёв Иван Николаевич, Рулёва Алла Анатольевна» деген сөздермен ауыстырылсын.

МӨЛДІРЕГЕН «МӨЛДІР ӨЛЕҢ»

Қазақ поэзиясы кеңге құлаш жая бастады. Хәкім Абайдан бастау алған бүгінгі өлең өміршеңдігін күн санап көрсетіп келеді. Бұған елдің әр өңірінде өтіп жатқан поэзия кештері дәлел бола алады. Соның бірі ақын Мөлдір Айтбайдың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Мөлдір өлең» ұлттық поэзиялық жобасы деп айтуға болады. Бұл жобаға Қазақстан Жазушылар одағы қолдау білдіріп отыр. Қуанатын тұсы да осы болып тұр. Себебі, өлеңді өлтірмейік деп жүрген өлеңсүйер ағайынның о бастан арман-мақсаты осы еді. Сол жүзеге аса бастады.



Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Жақында «Мөлдір өлең» жобасы елорда төрінде жалғасты. Жобаға ақын Олжас Қасым, Айдана Сегізбаева, Айзада Рахымжанов қатысып, павлодарлық ақындармен бақ сынасты. Бірінші бөлімде елеусіз қалған ақындардың өлеңдерін жатқа оқыса, екінші бөлімде арнайы берілген тапсырмаға өлең жазды. Нәтижесінде астаналық ақындар жеңімпаз атанды.

– Әлеуметтік желі жақсы болды, сол жерден «Мөлдір өлең» поэзиялық кешін көріп қалғанмын. Сонда жас ақындар кездесіп, өлең оқып жатыр екен. Алайда, бұл үлкен жоба екендігін кейіннен білдім. Қателеспесем алғашқы жобаға павлодарлық ақындар қатысты. Өзіміздің жақсы көретін ініміз Еламан Қабділәшім бастаған жігіттер жобаның сәнін келтірді. Өлгеніміз тірілгендей күй кештім. Неге десеңіз, жастардың соның ішінде ақындардың жиналып бас қосуы сирек болатын. Әрине айтулы датаға байланысты кештер өтіп тұрғанымен мұндай жобаның

жөні бөлек. Танылмай жүрген жас таланаттарды танытуға септігін тигізеді. Осы күнге дейін біз біле бермейтін ақын інілеріміз бен қарындастарымызды біліп отырмыз. Атап айтқанда оралдық жас ақын Абылайхан Мақсұтов, жаңаөзендік Алтынбек Әлібай сынды бауырларымыз бар екен. Өлеңдері керемет. Міне, «Мөлдір өлең» жобасы осындай таланттарды таныту арқылы өз жолын қалыптастырып келеді, – деді Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Мұхарбек Жәкейұлы.

«Мөлдір өлең» жобасы Алматыдан бастау алды. Алғашқы өлең додасында Қарағанды мен Павлодар облысының ақындары бой көрсетті. Үш ақыннан алты ақын сайысқан жыр бәйгесінде Павлодар облысының ақындары жеңіске жетті. Міне, осылайша әр өңірден үш жас ақын қатыса отырып, бүгінгі таңда он жұп өз өнерлерін көрсетті.

– «Мөлдір өлең» жобасын жібермей қарап отырамын. Өзіміздің де өлеңге таласымыз болғандықтан әр аптаның сәрсенбісі күні тікілей эфир арқылы тамашалап отырамын. Жақсы әрі бірегей жобаның бірі

дер едім. Қаншама ақындар өлең байрағын көтеріп келеді. Риза бола-сың. Өлеңге сусаған тыңдармандар үшін де жағымды жаңалықтың бірі болып отыр. Оның үстіне әр өңірдегі ақындар бір-бірін танып, араласады. Байланыс орнатады. Бұл ақынның өсуіне төте жол деп есептеймін. Қазіргі уақытта Алматыдан басталған жоба әр өңірге жол тартып жатыр. Бұл да құптарлық іс. Себебі, әр өңір өз ақындарына қолдау білдіріп, таланттардың танылуына көмектеседі. Осы орайда осы жоба жетекшісі ақын Мөлдір Айтбай қарындасымызға шын жүректен ағалық алғысымды айтқым келеді, – деп ағынан жарылды ақын Олжас Сәндібек.

Поэзия құсына қанат қақтыруды қолына алған ақын Мөлдір Айтбайды сөйлеткенімізде он өңірдің алпыс ақыны жыр додасына қатысып үлгерген. Енді алты жұп қалды деген ұйымдастырушы ойын былайша сабақтады.

– Бұл жоба көптен ойда жүрген дүние еді. Жазушылар одағы қолдау білдіріп, жобаны жүзеге асырдым. Мұндағы мақсат белгілі – өңірдің жас ақындарын таныту, олардың сәулелі жырларын оқырманға ұсыну еді. Сол үдеден шығып келеміз. Қазіргі уақытта алты жұп өнер көрсетеді. Әр облыста өткізуді жоспарлап қойдық. Тамыздың ішінде Орал қаласына бару ойда тұр. Ол жерде Орал мен Қызылорданың ақындары сөз сайыстырады. Ал, жоба соңында яғни суперфинал Алматы қаласында, тау баурайында өтеді. Жалпы 30 қыркүйек күні 1, 2, 3 орын иегерлері анықталады. Жеңіске жетіп 1-ші орын алған облысқа «Мөлдір өлең» ауыспалы статуеткасы (100грамм алтын, 3 карат бриллианттан құйылған) табысталады. Жеңімпаз 3 ақынға 3 миллион теңге жүлде табысталады. 2-орынға 2 миллион теңге, 3-орынға 1 миллион теңге берсем деген үміт бар, – дейді «Мөлдір өлең» ұлттық поэзиясы жобасының ұйымдастырушысы Мөлдір Айтбай.



СӘТПАЕВ БЕЙНЕСІ СӘНДІ СОМДАЛДЫ

Танымал спорт аниматоры әрі карикатурашы Хамид Сахари Қазақстан ұлттық құрамасының шабуылшысы Дастан Сәтпаевқа арналған жаңа анимациялық ролик жариялады.

Бейнероликте Англия Премьер-лигасының (АПЛ) бапкерлері «Челсидің» жас ойыншыларын мысқылдап тұрған сәт бейнеленеді. Осы кезде кадрға Дастан Сәтпаев шығып, өзінің жоғары жылдамдығы мен күш-қуатын көрсетеді. Роликтің әсерлі эпизодтарының бірінде қазақстандық футболшы «Челсидің» бас бапкерін ауыр зілтемірімен бірге көтеріп, қарсыластарының танданы-сын тудырады. Осыдан кейін оны келемеждеп тұрған бапкерлердің көзқарасы өзгеріп, Сәтпаевтың қабілетіне құрметпен қарай бастайды.

Айта кетейік, Хамид Сахари әлемдік футбол жұлдыздарына арналған әзіл-сықақ анимациялық бейнероликтерімен танымал. Оның шығармалары әлеуметтік желілерде кеңінен таралып, миллиондаған қаралым жинап келеді.

ӘЛЕМДІК ЖҰЛДЫЗДАР АСТАНАҒА КЕЛЕДІ

Астанада үш күннен кейін, яғни 6 тамыз күні 9 тамызға дейін жалғасатын халықаралық Comic Con Astana фестивалі басталады.

Биыл фестиваль бірден екі алаңда өтеді. Barys Arena аумағында халықаралық хедлайнерлермен кездесулер, панельдік пікірталастар, жұлдыздардың өнер көрсетуі, фотосессиялар мен қолтаңба тарату сессиялары ұйымдастырылады.

Ал «Алау» мұз сарайы ауқымды көрме алаңына айналады. Мұнда тақырыптық аймақтар, компаниялар

мен серіктестердің стендтері, ойын кеңістіктері, таныстырылымдар және интерактивті алаңдар орналасады. Сондай-ақ барлық жастағы келушілер үшін ойын-сауық бағдарламасы әзірленген.

Comic Con Astana 2026 өз тарихында алғаш рет бірден төрт халықаралық хедлайнердің басын қосады.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

АТАҚТЫ АТЛЕТ ЖАТТЫҚТЫРДЫ

Елордадағы Триатлон саябағында «Астана – есірткісіз қала» қалалық акциясы аясында жүздеген адамның басын қосқан ауқымды спорттық фестиваль өтті.

Спорт фестивалін Алматы ауданының әкімдігі Life Fitness ұйымымен бірлесіп өткізді. Іс-шараның құрметті қонағы

ауыр атлетикадан төрт дүркін әлем чемпионы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Илья Ильин болды. Белгілі

спортшы қатысушыларға жаттығу жасатып, шеберлік сабағын өткізіп, ауыр атлетика бойынша жарыс ұйымдастырды.

Фестиваль аясында елорда тұрғындары үшін зумба, Нугох, йога, сайкл жаттығулары, спорттық ойындар, балаларға арналған анимациялық бағдарлама, крио-шоу, би қойылымдары және өзге де белсенді шаралар ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шараның басты мақсаты – спортты насихаттау, дамыту және есірткі қылмысының алдын алу.

Бұл фестиваль бірнеше жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді және тұрғындарды спортпен жүйелі түрде айналысуға ынталандыруға бағытталған.



Ұйымдастырушылар әсіресе ересектер арасында салауатты өмір салтын дәріптеуге басымдық береді. Сонымен қатар фестиваль отбасылық форматта өтіп, ата-аналар мен балаларды бір алаңда тоғыстырады.

«Бұл шара фитнес индустриясын, салауатты өмір салтын дамытуға және қаламыздың, Астананың, Қазақстанның

өркендеуіне бағытталған. Біздің басты мақсатымыз – ересектердің денсаулығын нығайту. Дегенмен көптеген қатысушылардың балаларымен бірге келгеніне қуаныштымыз. Мұндай формат бүкіл отбасының спортқа деген қызығушылығын арттырады. Спортпен айналысқан адам көп күш жұмсайды, бірақ оның

орнына ерекше эмоция алады. Бұл – өзін дамытуға ұмтылатын адамдардың ортасы. Спортпен шұғылданған кезде есірткі, алкоголь немесе басқа да зиянды әрекеттер туралы ойлауға уақыт болмайды. Тұрақты жаттығу тәртіпке баулиды әрі салауатты өмір салтын таңдауға көмектеседі», – деді Илья Ильин.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 91
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

✉️ Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ